

2020 жылғы 28 қазандағы  
«Учёт» Кәсіби бухгалтерлер академиясы»  
Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының Жалпы жиналысының  
№ 1 хаттамасымен БЕКІТІЛГЕН



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
2020 ж. « 09 » 12 заңды  
Тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді  
№ 8143-1910-01-БКУ куәлік  
Алғашқы тіркелген күні 2014 ж. « 01 » 10  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Федеральное государственное учреждение «Перерегистрация юридических лиц»  
09 12 2020  
Свидетельство № 8143-1910-01-П00  
Дата первоначальной регистрации 01 10 2014  
БСН: 141040000129

**«УЧЁТ»**  
**БУХГАЛТЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҰЙЫМЫНЫҢ**  
**ЖАРҒЫСЫ**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Учёт» Бухгалтерлердің кәсіби ұйымы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Учёт» БКҰ) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бухгалтерлері мен бухгалтерлік ұйымдарын біріктіретін коммерциялық емес ұйым нысанында «Учёт» бухгалтерлердің кәсіби ұйымы атауына өзгертумен байланысты Бухгалтерлердің кәсіби ұйымы «Учёт» Кәсіби бухгалтерлер академиясының» атауы қайта тіркеу жолымен құрылды.

1.2. «Учёт» БКҰ-ның негізгі мақсаты пайда табу емес, пайданы қатысушылар және (немесе) құрылтайшылар арасында бөлмейді.

1.3. Ұйымның толық және қысқартылған атауы:

- Қазақ тіліндегі толық атауы: «Учёт» бухгалтерлердің кәсіби ұйымы;
- Орыс тіліндегі толық атауы: Профессиональная организация бухгалтеров «Учёт»;
- Ағылшын тіліндегі толық атауы: Professional accounting organization «Uchet»;
- Қазақ тіліндегі қысқартылған атауы: «Учёт» БКҰ;
- Орыс тіліндегі қысқартылған атауы: ПОБ «Учёт»;
- Ағылшын тіліндегі қысқартылған атауы: PAO «Uchet».

1.4. «Учёт» БКҰ ұйымдық-құқықтық нысаны – бухгалтерлердің кәсіби ұйымы.

1.5. «Учёт» БКҰ орналасқан жері: 050009, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жароков көшесі, 41.

1.6. «Учёт» БКҰ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Заңнамасын, осы Жарғыны, Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексін, сондай-ақ оның қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерін және ішкі құжаттарды басшылыққа алады.

1.7. «Учёт» БКҰ қызмет мерзімі - шектелмеген.

1.8. «Учёт» БКҰ Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу сәтінен бастап заңды тұлға құқықтарын алады.

1.9. «Учёт» БКҰ жекеленген мүлікке ие, өзіндік теңгерімі, банктерде шоттары, өз атауы бар мөрі мен мөртабаны бар, өз атынан шарттар жасаса алады, мүліктік құқықтарын ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттер жүктей алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады. «Учёт» БКҰ Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес қойылған міндеттерді іске асыру бойынша өз қызметін дербес жоспарлайды.

1.10. «Учёт» БКҰ-ның Жалпы жиналыс бекіткен өзіндік бейнелемесі бар.

1.11. «Учёт» БКҰ-ны аккредиттеу Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады және Аккредиттеу туралы куәлікпен расталады.

## 2. УЧЁТ» БКҰ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

2.1. «УЧЁТ» БКҰ қызметінің мәні мыналар болып табылады:

1) Қазақстанның бухгалтерлік қауымдастығын, сондай-ақ қаржы-экономикалық бейінді ақпаратты тарату саласындағы мамандандырылған заңды тұлғаларды, сондай-ақ кәсіби қызметтің бухгалтерлік және іргелес салалары – аудит, ішкі аудит, бағалау, салық салу, менеджмент қаупі, құқықтану және т.б. қызметкерлерін сертификаттауда және біліктілігін арттыруда көмек көрсету;

2) бірыңғай кәсіби ұйымға біріктіру және бухгалтерлік-есеп саласындағы білікті мамандардың қызметін үйлестіру;

3) есеп үдерістерін, қаржы менеджментін автоматтандыру, халықаралық қаржылық есеп стандарттарын және кәсіби этиканы қолдану;

4) мемлекеттік, кәсіби, қоғамдық, коммерциялық емес, шетелдік, халықаралық және өзге ұйымдарда өз мүшелерінің мүдделеріне өкілдік ету және құқықтарын қорғау;

5) бухгалтерлік, консалтингтік және басқа қызмет нарығын талдау негізінде бухгалтерлік есеп, қаржы есептілігі және іргелес сала облысындағы жағымды жұмыс тәжірибесін жалпылау және тарату;

6) «Учёт» БКҰ Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтерлеріне ұсынатын білікті кең қызметтер спектрінің қоғамдық танылуына қол жеткізу;

7) халықаралық білім беру стандарттары, оқу бағдарламалары мен әдістемелік құрал әзірлеу негізінде кәсіби білім беру жүйесін құру жолымен бухгалтерлерді оқыту және біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу;

8) Қазақстан бухгалтерлерінің белсенді кәсіби қызметі мен өзін-өзі танытуы үшін жағдайлар жасау;

9) мүше қызметінің көпшілік-құқықтық практикасына көмек көрсету және бухгалтерлік ұйымдардың қызметін үйлестіруге қатысу;

10) ұлттық стандарттарды және оларға қатысты әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге қатысу;

11) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін әзірлеуге қатысу және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ бухгалтерлік Есеп, қаржы есептілігі және іргелес қызмет салалары облысындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға көмек көрсету;

12) бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі саласында ағартушылық қызметті жүзеге асыру;

13) сертификаттау бойынша ұйымдарды аккредиттеу материалдарын қарастыруға қатысу;

14) мемлекеттік, қоғамдық, кәсіби, диссертациялық кеңестерге және жұмыс топтарына қатысу;

15) халықаралық сертификаттауға белсенді қатысу;

16) халықаралық бухгалтерлер федерациясына және өзге құрылымдарға белсенді қатысу.

17) Қазақстан өңірлерінде және басқа елдерде басқа кәсіби ұйымдарды, «Учёт» БКҰ-ның өкілеттіктері мен филиалдарын құру;

18) өзге кәсіби қызмет түрлерін – аудитті, бағалауды, салық салуды, құқықтануды және т.б. дамытуға қатысу;

19) бухгалтерлік есеп, қаржы есептілігі саласында және іргелес салаларда білім тарату мақсатында семинарлар, веб-семинарлар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер», форумдар, көрмелер және басқа іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу.

## **2.2. «Учёт» БКҰ құру мақсаты мыналар болып табылады:**

1) халықаралық стандарттар негізінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік кәсібін дамытуға, жетілдіруге және бірегейлендіруге көмек көрсету;

2) бухгалтерлердің кәсіби деңгейін үнему арттыру;

3) Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес «Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтерлерінің» кадрларын дайындау және қайта даярлау үшін бухгалтерлік кәсіптің кәсіби мүдделерін қанағаттандыру;

4) Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік кәсіпті әлемдік стандарттарға және озық шетелдік практикаға келтіруге көмек көрсету;

5) халықаралық стандарттарды ендіруге және оларды жетілдіруге ұмтылу;

6) халықаралық стандарттарды және кәсіби бухгалтерлердің кәсіби этика нормаларын қолданудың ұлттық қазақстандық практикасын қалыптастыру.

## **3. «УЧЁТ» БКҰ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **3.1. «Учёт» БКҰ құқықтары:**

1) өз қызметі туралы ақпаратты тарату;

2) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген тәртіпте банктерде шоттарының болуы;

3) мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы бар мөрлерінің, мөрбаңдарының және бланкілерінің, сондай-ақ белгіленген тәртіпте тіркелген танымбелгісінің (бейнелемесінің) болуы;

4) соттарда және басқа мемлекеттік органдарда, өзге ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне өкілдік ету және қорғау;

5) кәсіби бухгалтерлердің және өзге мамандардың біліктілігін арттыруды өткізу және/немесе қатысу, Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген тәртіпте тиісті сертификаттар мен куәліктер беру;

6) басқа кәсіби ұйымдармен қауымдастықтарға (альянстарға, одақтарға, консорциумдарға) кіру, сондай-ақ қазақстандық, өңірлік және халықаралық кәсіби коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйымдар мен бірлестіктерге кіру, сондай-ақ олардың қызметіне белсенді қатысу;

7) бухгалтерлік қызмет және ұлттық, халықаралық стандарттарды қолдану мәселелері бойынша ұсынымдар беру;

8) «Учёт» БКҰ мүшелері болып табылатын бухгалтерлер мен бухгалтерлік ұйымдардың рейтингісін өткізу;

9) бухгалтерлердің, бухгалтерлік ұйымдардың және бухгалтерлердің кәсіби қызметіне қатысты үшінші тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарастыру;

10) бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін әзірлеуге қатысу;

11) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген тәртіпте заңды тұлғаларды қалыптастыру, құру;

12) филиалдар мен өкілдіктер ашу;

13) жарғы мақсаттарын жүзеге асыруға ақшалай қаражатты пайдалану;

14) сотта талапкер мен жауапкер болу;

15) осы Жарғының, Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінің және «Учёт» БКҰ-ның басқа ішкі құжаттарының қатаң орындалуын өз мүшелері мен қызметкерлерінен талап ету;

16) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен көзделген және тыйым салынбаған өзге құқықтарды жүзеге асыру;

17) жарғы мақсаттарына қол жеткізу үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру. «Учёт» БКҰ-ның кәсіпкерлік қызметінен түскен кіріс оның мүшелері арасында бөліне алмайды және жарғы мақсаттарына қол жеткізу үшін ғана пайдаланылады;

### **3.2. «Учёт» БКҰ міндетті:**

1) Қазақстан Республикасының Заңнамасын, халықаралық стандарттарды, бухгалтерлердің кәсіби этика мен корпоративтік этика нормаларын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасындағы кәсіби бухгалтерлер ұйымдары үшін белгіленген талаптарды орындауға;

3) уәкілетті органның аккредиттеуі болған кезде, «Учёт» БКҰ мүшелерін Кеңес беру органының құрамына Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген санымен, тәртіпте және өкілеттіктерімен жіберу, сондай-ақ олардың толыққанды жұмысын қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген тәртіпте өз қызметі туралы есептілікті уәкілетті органға ұсынуға;

5) халықаралық және ұлттық стандарттарды қолдану бойынша сұратуларды қарастыруға;

6) ақша қаражатының түскені және жұмсалғаны туралы өз мүшелерін хабардар етуге;

7) «Учёт» БКҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін басшы органының орналасқан жерінің өзгерістері, оның құрамы және мәліметтер көлемінде басшылары жөнінде деректер туралы уәкілетті/тіркеуші органды бірыңғай мемлекеттік тіркелімде хабардар етуге;

8) «Учёт» БКҰ мүшелерінің, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің жеке/дербес және құпия мәліметтерінің/деректерінің сақталуын және таратылмауын

қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Заңнамасымен тікелей көзделген тәртіпте оларды берілуін/ашылуын қамтамасыз етуге;

9) ХБФ Кәсіби бухгалтерлерінің этика кодексін қабылдау және бекіту бағдарламасын әзірлеуге, сондай-ақ оның қатаң орындалуын қамтамасыз етуге;

10) өз мүшелеріне қолжетімділік, құжаттармен және олардың мүдделеріне қатысты шешімдермен танысу мүмкіндігін ұсынуға;

11) өз мүшелерінің біліктілігін арттыру үшін, бухгалтерлерді сертификаттау бойынша ұйым(дар)мен өзара іс-қимыл жасау туралы келісім жасауға;

12) ішкі ережелерді, «Учёт» БКҰ органдары мен қызметкерлерінің жұмыс қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Заңнамасына қайшы келмейтін көтермелеу және тәртіптік ықпал ету нормаларын белгілеуге;

13) Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес өзге міндеттер мен жауапкершілікті жүктеуге, сондай-ақ жасалған шарттар мен келісімдерді орындауға;

14) «Учёт» КҚҰ мүшелеріне қолдан келерлік техникалық көмек көрсетуге және жарғы мақсаттары шеңберінде кеңес беруге;

15) «Учёт» БКҰ мүшелері болып табылатын бухгалтерлік ұйымдардың және бухгалтерлік ееп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын кәсіби бухгалтерлердің Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындауын талап етуге;

16) Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Учёт» БКҰ мүшелері болып табылатын бухгалтерлік ұйымдардың және кәсіби бухгалтерлердің Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңын бұзуы туралы мәліметтерді хабарлауға міндетті.

#### **4. «УЧЁТ» БКҰ-ҒА МҮШЕ БОЛУ ШАРТТАРЫ**

4.1. «Учёт» БКҰ-ға мүше болу мынадай санаттарды көздейді: шынайы және қауымдастырылған:

1. Қазақстан Республикасының «кәсіби бухгалтері» сертификаты бар жеке тұлғалар және оған теңестірілген тұлғалар «Учёт» БКҰ-ның шынайы мүшелері болып табылады.

2. Жеке тұлғалар – бухгалтерлер және заңды тұлғалар – бухгалтерлік есеп және іргелес облыстар саласында қызмет ұсынатын ұйымдар «Учёт» БКҰ-ның қауымдастырылған мүшелері болып табылады.

4.2. Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес әрекет ететін, осы Жарғының ережелерін, кәсіби бухгалтерлердің Кәсіби этика кодексін, «Учёт» БКҰ ішкі құжаттарын мойындайтын және сақтайтын, «Учёт» БКҰ-ның жарғы мақсаттарына қол жеткізуіне қатысатын және көмек көрсететін, «Учёт» БКҰ-да қабылданған кәсіби құндылықтарды қолдайтын, мүшелік жарналарды төлейтін жеке тұлғалар (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ азаматтар) және заңды тұлғалар «Учёт» БКҰ мүшесі болып алады.

4.3. «Учёт» БКҰ-ға мүше болу негізгі және қосымша қызмет түрін шектеу үшін негіздеме болып табылмайды.

4.4. «Учёт» БКҰ-ға мүше болу өтініш беру немесе «Учёт» БКҰ-ға мүше болуға ниет білдірген тұлғаның электронды тіркелу нысаны негізінде жүзеге асырылады, «Учёт» БКҰ ұйымдастырған іс-шараларға белсенді қатысуға, өз біліктілігін арттыруға, белгіленген тәртіпте мүшелік жарналарды төлеуге, Жарғымен және «Учёт» БКҰ-ның ішкі құжаттарымен көзделген «Учёт» БКҰ мүшесінің басқа міндеттерін орындауға міндеттенеді.

4.5. Мүшелікке қабылдау, мүшелікке қабылдаудан бас тарту туралы шешім, сондай-ақ «Учёт» БКҰ мүшелігін тоқтату және тоқтата тұру мәжіліске қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

4.6. Негіздеме, мүшелікке қабылдау, тоқтату, тоқтата тұру, мүшелікті жаңарту және оның санатын өзгерту тәртібі, сондай-ақ мүшелік жарнаның мөлшерін және олардың кезеңділігін белгілеу осы Жарғыға сәйкес «Учёт» БКҰ-ның ішкі құжаттарымен анықталады.

4.7. «Учёт» БКҰ-ға мүше болу өз бастамасы бойынша мүшелік құрамынан шығу туралы берілген жазбаша өтініші негізінде немесе «Учёт» БКҰ Кеңесінің төмендегі жағдайлар үшін мүшеліктен шығару туралы шешімі негізінде тоқтатылады:

1) Жарғыны, ішкі құжаттарды және/немесе Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексін жүйелі түрде немесе дөрекі бұзуы;

2) мүше тарапынан бір күнтізбелік жылдан астам уақыт бойы «Учёт» БКҰ-мен байланыстың болмауы;

3) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген біліктілікті арттырудың тиісті көлемін мүшенің игермеуі;

4) Қазақстан Республикасы Заңнамасының талаптарын бұзуы;

5) мүше болу кезінде «Учёт» БКҰ мүшесі берген құжаттарда шынайы емес мәліметтердің анықталуы;

6) «Учёт» БКҰ басқарма органдарының шешімдерін бұзуы, орындамауы;

7) 6 айдан артық уақыт бойы белгіленген мүшелік жарналарды төлемеуі және/немесе төлеу мерзімін кейінге қалдыруы.

*Жеке тұлға қайтыс болған немесе заңды тұлғаны таратқан жағдайда, осы факт бойынша мүшеліктен шығару туралы шешім Кеңес Қаулысында жеке мәселемен қабылданады (Кеңес осы мәселе бойынша шешім қабылдауды (дауыс беруді) іске асырмайды).*

4.8. Қауымдастырылған мүшелер үшін «Учёт» БКҰ Кеңесінің мүше құрамына қосу туралы шешім қабылдау күні «Учёт» БКҰ-ға кіру күні болып табылады. Шынайы мүшелер (жеке тұлғалар) үшін Кеңес Төрағасының шешім қабылдау күні «Учёт» БКҰ-ға кіру күні болып табылады. Кеңес Төрағасының аппарат Басшысына мұндай шешім қабылдауға сенімхат беру құқығы бар. Жеке тұлғалар үшін жеке қолы қойылған «Учёт» БКҰ-ға жазбаша өтініш беру күні «Учёт» БКҰ мүшелігінен шығу күні болып табылады. Заңды тұлғалар үшін Кеңес қаулысын шығару күні мүшеліктен шығару күні болып табылады. Кеңес қаулы шығарар алдында шығарылатын мүшеге қатысты сұрату арқылы Этика және мүшелік комитетіне жүгіне алады.

4.9. «Учёт» БКҰ мүшелерінің құрамынан шығару фактісі мүшелік кезеңі үшін мүшелік жарналарды төлеуден босату үшін негіздеме болып табылмайды. «Учёт» БКҰ мүшелерінің құрамынан шығарылған тұлғаларға төленген мүшелік жарналар, сондай-ақ «Учёт» БКҰ-ға табысталған мүлік қайтарылмайды.

4.10. Мүшелер, «Учёт» БКҰ өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейтін сияқты, «Учёт» БКҰ міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4.11. «Учёт» БКҰ-ға мүшелік мүшенің, мүшелікті тоқтату себебі мен мерзімін көрсету арқылы, Кеңеске берген жазбаша өтініші негізінде тоқтатыла тұра алады. Мүшелікті тоқтата тұру кезеңінде мүшелік жарналар төленеді. «Учёт» БКҰ-ға мүшелікті тоқтата тұру 6 айдан артық емес мерзімге жүзеге асырыла алады.

4.12. «Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтері» сертификатын алу немесе одан айыру «Учёт» БКҰ мүшелігінің санатын ауыстыру үшін негіздеме болып табылады.

4.13. «Учёт» БКҰ Кеңесі бұрын шығарылған мүшенің мүшелігін қалпына келтіру туралы мәселені қарастыруға құқылы. Бұл ретте мүшелікке қайта кіру жалпы негіздемелерде жүзеге асырылады.

4.14. Кеңестің мүшелікке қабылдау, тоқтата тұру және өз бастамасымен тоқтату туралы шешімі жай дауыс көпшілігімен қабылданады.

4.15. «Учёт» БКҰ-ға кіру кезінде мүшелік туралы куәлік беріледі. «Учёт» БКҰ-дан шыққан кезде куәліктің күші жойылады. Кеңес бұрын шығарылған мүшенің мүшелігін жаңарту туралы шешім қабылдай алады.

4.16. «Учёт» БКҰ мүшелігіне кіру үшін құжаттар нысаны, өтініштер беру тәртібі, қарастыру мерзімдері және қажетті құжаттардың тізімі Мүшелік туралы ережемен регламенттеледі.

4.17. Мүшелік жарналарды төлеу мөлшерін мәжіліске қатысып отырған мүшелердің жай көпшілігінің шешімімен Кеңес белгілейді. Мүшелік жарна мөлшерінің өзгерісіне қатысты «Учёт» БКҰ мүшелерін хабардар ету бойынша міндет Аппаратқа жүктеледі.

4.18. Кеңестің бухгалтерлік саланы, қаржы ғылымын дамытуға, бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігінің практикасын дамытуға қосқан үлесі және өзге үлесі үшін дара жеке тұлғаларға «Учёт» БКҰ құрметті мүшесі» ардақты атағын беру құқығы бар. Марапаттау туралы шешімді Кеңес «Учёт» БКҰ Президентінің келісуімен және бастамасымен бірауыздан қабылдайды. «Учёт» БКҰ құрметті мүшесі» атағын беру, атақ беру сәтінде «Учёт» БКҰ мүшелігінде болмаған тұлғалар үшін мүшелік бойынша міндеттемелерді құрмайды.

## **5. «УЧЁТ» БКҰ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **5.1. «Учёт» БКҰ-ның шынайы мүшесінің мынадай құқығы бар:**

- 1) «Учёт» БКҰ қызметі туралы ақпарат алу;
- 2) дауыс беру құқығымен Жалпы жиналыс жұмысына қатысу;
- 3) «Учёт» БКҰ басқару органдарына сайлау және сайлану;
- 4) «Учёт» БКҰ шешімдеріне сот органдарында шағым беру;
- 5) «Учёт» БКҰ басқару органдарының қарауына олардың қызметі мен құзыреттілігіне қатысты ұсыныстар мен сұратулар енгізу, сондай-ақ талқылауға қатысу;
- 6) «Учёт» БКҰ өткізетін барлық іс-шараларға қатысу;
- 7) «Учёт» БКҰ басқару органдарына кеңес алу, құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ әдістемелік және өзге көмек алу үшін жүгіну;
- 8) «Учёт» БКҰ-ға жаңа мүшелер тарту бойынша қызмет жүргізу;
- 9) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен көзделген өзге құқықтарды іске асыру.

5.2. «Учёт» БКҰ-ның қауымдастырылған мүшесі – Жалпы жиналыста дауыс беру құқығын және «Учёт» БКҰ басқару органдарына сайлану құқығын қоспағанда, шынайы мүшемен бірдей құқықтар көлеміне ие бола алады. «Учёт» БКҰ-ның ішкі құжаттарымен қауымдастырылған мүшенің өзге құқықтар көлемі белгілене алады.

### **5.3. «Учёт» БКҰ мүшелері міндетті:**

- 1) Бухгалтерлік кәсіпті жетілдіруге және дамытуға ұмтылу;
- 2) Қазақстан Республикасы Заңнамасының, халықаралық стандарттардың, Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінің, осы Жарғының және «Учёт» БКҰ ішкі құжаттарының талаптарын мүлтіксіз сақтауға;
- 3) «Учёт» БКҰ Басқару органдарының шешімдерін сақтауға және орындауға;
- 4) «Учёт» БКҰ-ның жарғы мақсаттарына қол жеткізуіне қатысуға;
- 5) сұратылатын ақпаратты, соның ішінде сұратуларға жауаптарды, түскен өтініштер, шағымдар және даулар бойынша түсіндірмелер мен пікірлерді толық көлемде «Учёт» БКҰ-ға, сондай-ақ уәкілетті орган алдында «Учёт» БКҰ есептілігін қалыптастыру мақсатында уақтылы ұсынуға;
- 6) «Учёт» БКҰ-ға мыналарды: электронды поштаны, жеке телефон нөмірін, ұялы телефон нөмірін, тұрғылықты мекенжайын және т.б. қамтитын шынайы байланыс деректерін (хат-хабардың тиісті тәсілі болып есептелетін), сондай-ақ көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, олар өзгерген сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы «Учёт» БКҰ-ын хабардар ету;
- 7) уақтылы және толық көлемде миүшелік жарналарды төлеуге;

8) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және «Учёт» БКҰ-мен белгіленген біліктілікті арттыру туралы міндеттемелерді орындауға, сондай-ақ «Учёт» БКҰ-ға есеп беру ақпаратын уақтылы ұсынуға;

9) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және «Учёт» БКҰ ішкі құжаттарымен белгіленген өзге міндеттемелерді орындауға міндетті.

## **6. «Учёт» БКҰ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ**

6.1. «Учёт» БКҰ басқару органдары мыналар болып табылады:

- 1) Жоғарғы басқару органы – шынайы мүшелердің Жалпы жиналысы;
- 2) Алқалы басқару органы – Кеңес;
- 3) Басқарудың жекеше атқарушы органы – Аппарат басшысы;
- 4) Бақылау органы – Тексеру комиссиясы;
- 5) Өзге органдар – Президент, Комитеттер, Аппарат және басқа органдар.

## **7. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС**

7.1. «Учёт» БКҰ-ның жоғарғы басқару органы барлық мүшелерді қамтитын Жалпы жиналыс болып табылады. Барлық басқару органдары Жалпы жиналысқа есеп береді.

7.2. «Учёт» БКҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы кезекті немесе кезектен тыс болып бөлінеді. Кезекті жалпы жиналыстар есеп беру (2 жылда 1 рет) және есеп беру-сайлау (4 жылда 1 рет) болып бөлінеді.

7.3. Жалпы жиналыс 2 жылда бір реттен кем емес шақырылады.

7.4. Жалпы жиналыстың өткізілетін күнін, орнын, уақыты мен тәсілін, күн тәртібін «Учёт» БКҰ Кеңесі белгілейді. Жалпы жиналысты өткізу күні мен орнын, уақытын алдын ала күн тәртібін Кеңес Жалпы жиналыс басталғанға дейін бір ай (30 күнтізбелік күн) бұрын жариялайды. Жалпы жиналысты шақыру және өткізу тәртібін Кеңес «Учёт» БКҰ-ның Жалпы жиналыс туралы Ережесіне сәйкес белгіленеді. «Учёт» БКҰ-ның шынайы мүшесі Жалпы жиналыста бір дауысқа ие.

7.5. Кезектен тыс жалпы жиналыс қажеттілігіне қарай Президенттің және/немесе Кеңестің (Кеңес мүшелерінің 3/4 дауысы болған жағдайда), Тексеру комиссиясы Төрағасының (Президенттің және/немесе Кеңес Төрағасының атына дәлелді хаттымен) бастамасы бойынша немесе «Учёт» БКҰ мүшелерінің жалпы санының кемінде 1/10 қол жинаған «Учёт» БКҰ-ның жалпы мүшелерінің талап етуі бойынша шақырылады. Бұл ретте кезектен тыс Жалпы жиналыс 1 күнтізбелік жылда 1 реттен жиі өткізілмеуге тиіс.

7.6. Жалпы жиналыс, егер оның жұмысына жалпы жиналыста тіркелген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті түрде уәкілеттік берілген нақты мүшелердің не олардың өкілдерінің «Учёт» БКҰ-ның нақты мүшелерінің қатарынан) 50% - дан астамы қатысса, заңды (кворумның болуы) болып есептеледі. Дауыс беру форумын (ашық немесе құпия) Кеңес белгілейді.

7.7. Жалпы жиналыс есеп беру болып табылады. Егер Жалпы жиналыстың күн тәртібінде Басқару органдарын сайлау мәселелері енгізілсе, онда мұндай Жалпы жиналыс есеп беру-сайлау жиналысы болып табылады.

7.8. Жалпы жиналысты (есеп беру, есеп беру-сайлау және кезектен тыс) өткізу тәртібі «Учёт» БКҰ-ның Жалпы жиналысты шақыру және өткізу тәртібі туралы Ережемен белгіленеді;

7.9. **Жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:**

- 1) «Учёт» БКҰ-ның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) кәсіби бухгалтерлердің этика кодексін бекіту;
- 3) «Учёт» БКҰ-ның Жалпы жиналысы туралы Ережені және «Учёт» БКҰ-ның тексеру комиссиясы туралы Ережені бекіту;



4) «Учёт» БКҰ-ны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім бекіту, таратушыны немесе тарату комиссиясын бекіту;

5) «Учёт» БКҰ қызметінің басым бағыттарын, оның мүлкін қалыптастыру және пайдалану қағидаттарын айқындау, «Учёт» БКҰ-ның ережелері мен стандарттарын бекіту;

6) «Учёт» БКҰ бюджетін бекіту, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, атқарушы органдардың қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі мен кезеңділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін айқындау және олардың нәтижелерін бекіту;

7) «Учёт» БКҰ филиалдарын және/немесе өкілдіктерін құру, сондай-ақ басқа заңды тұлғаларды құруға және/немесе олардың қызметіне қатысуға «Учёт» БКҰ -ның қатысуы туралы шешім қабылдау;

8) Кеңестің, Аппарат басшысының, Президенттің, Тексеру комиссиясының және «Учёт» БКҰ-ның өзге органдарының есеп беруін тыңдау және бекіту;

9) Кеңес және Тексеру комиссиясы мүшелерінің құрамын сайлау;

10) «Учёт» БКҰ мүшелерінің өтініштерін «Учёт» БКҰ мүшелерінің құрамынан шығарудың негізсіздігіне қарау және тиісті шешімдер қабылдау;

11) бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігінің жүргізілуін тексеру үшін аудиторлық ұйымды бекіту – қажет болған жағдайда;

12) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

7.10. Жалпы жиналыс «Учёт» БКҰ қызметіне қатысты кез келген мәселені қарауға және шешім қабылдауға құқылы.

7.11. Жалпы жиналыста шешімдер осы Жарғының 7.9-тармағының 1, 2, 5-тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады, шешімдер жалпы жиналысқа қатысушылардың және жалпы жиналысқа қатысқан нақты «Учёт» БКҰ мүшелердің жалпы санының кемінде 2/3 дауысымен қабылданады, сондай-ақ осы Жарғының 7.9-тармағының 4-тармақшасында көрсетілген, ол бойынша шешім жалпы жиналысқа қатысқан және ұсынылған нақты мүшелердің жалпы санының кемінде 4/5 дауысы қабылданады (*бұл ретте сырттай дауыс беру рұқсат етілмейді*).

7.12. Жалпы жиналыс «Учёт» БКҰ-ның барлық басқару органдарының өкілеттіктерін тоқтату/мерзімінен бұрын тоқтату құқығына ие. Бұл ретте, Кеңес мүшесінің өкілеттігін тоқтату туралы шешім жалпы жиналыстың қатысып отырған мүшелері санының 2/3 дауысы болған кезде; Кеңес Төрағасының өкілеттігін тоқтату туралы шешім жалпы жиналыстың қатысып отырған мүшелері санының 3/4 дауысы болған кезде; Президенттің өкілеттігін тоқтату туралы шешім жалпы жиналыстың қатысып отырған мүшелері санының 4/5 дауысы болған кезде.

7.13. «Учёт» БКҰ нақты мүшелерінің қашықтықтан (онлайн) қатысуы және электрондық дауыс беру арқылы өткізілген жалпы жиналыс рұқсат етілген және заңды болып саналады.

7.14. Жалпы жиналыстың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Жалпы жиналыстың Төрағасы мен Хатшысы қол қояды.

7.15. Жалпы жиналыста дауыс беру ашық тәсілмен іске асырылады. Бұл ретте, егер жалпы жиналысқа қатысқан толық мүшелердің кемінде 1/2 саны құпия тәсіл үшін дауыс берсе, дауыс беру жасырын (жабық) тәсілмен жүргізілуі мүмкін.

7.16. «Учёт» БКҰ-ның жай қауымдастырылған мүшелері Жалпы жиналыстың Күн тәртібін талқылауға қатысуға, сұрақ қоюға және ұсыныстар енгізуге құқылы, бұл ретте дауыс беруге қатыспайды.

7.17. Жалпы жиналыс Күн тәртібінің мәселелер көлемі үлкен болған кезде, Кеңес шешімімен, «Учёт» БКҰ Президентімен келісу арқылы, Жалпы жиналысты өткізу бірізді болатын екі және одан көп күнге бөлінуі мүмкін. Бір күннің күн тәртібінде көрсетілген мәселелерді қарастыру келесі күні (күндері) қайта қаралуға жатпайды. Жалпы жиналыс

өткізілген барлық күндерге бірыңғай хаттама жасалады. Жалпы жиналысты өткізудің басталу және аяқталу күні, уақыты жалпы жиналыстың хаттамасында көрсетіледі.

7.18. Жалпы жиналысқа қадағалаушылар, серіктестік, қоғамдық, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың өкілдері (шақырылған тұлғалар) шақырылуы мүмкін. Шақырылған адамдардың көрсетілген категориясының «Учёт» БКҰ жалпы жиналысының отырысына қатысу туралы шешімді Кеңес жалпы жиналыстың отырысы басталғанға дейін «Учёт» БКҰ Президентімен келіскен кезде қабылдайды.

7.19. Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеуді және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру кезінде дауыстарды санауды Санақ комиссиясы жүзеге асырады. Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелері Санақ комиссиясының төрағасы, хатшысы және барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Есеп комиссиясын құру және оның жұмыс істеу тәртібі туралы ережені «Учёт» БКҰ-ның Кеңесі бекітеді.

## 8. КЕҢЕС

8.1. «Учёт» БКҰ Кеңесі, Жалпы жиналыстың, Президенттің және Аппарат басшысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, «Учёт» БКҰ қызметіне жалпы және ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін алқалы атқарушы орган болып табылады. Кеңес Жалпы жиналысқа есеп береді.

8.2. Кеңестің орналасқан жері: 050009, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жароков көшесі, 41.

8.3. Кеңес құрамына Президент, Кеңес төрағасы және Кеңес мүшелері кіреді. Аппарат басшысы кеңесші дауыс құқығында Кеңестің жұмысына қатысуға құқылы. Сондай-ақ, оның құзыретіне кіретін жекелеген мәселелер бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы кеңесте сөз сөйлеуге құқылы.

**8.4. Кеңестің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:**

- 1) кезекті/кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыру туралы шешім қабылдау;
- 2) Жалпы жиналыстың күн тәртібін қалыптастыру;
- 3) Жалпы жиналысты дайындауға және өткізуге байланысты мәселелерді шешу;
- 4) «Учёт» БКҰ қаржылық есептілігін алдын ала бекіту және оны Жалпы жиналыстың бекітуіне ұсыну;
- 5) Кеңес мүшелерінің қатарынан Кеңес Төрағасын және Президентті, және олардың орынбасарларын (қажет болған кезде) сайлау;
- 6) «Учёт» БКҰ Жалпы жиналысы туралы ережені және «Учёт» БКҰ тексеру комиссиясы туралы ережені қоспағанда, негізгі ішкі құжаттарды, ережелерді, басшылықтарды, «Учёт» БКҰ-ның корпоративтік этика кодексін, «Учёт» БКҰ-ның есеп/салық саясатын және басқа да құжаттарды бекіту;
- 7) «Учёт» БКҰ филиалдары және/немесе өкілдіктері туралы Ережелерді, сондай-ақ «Учёт» БКҰ құрылтайшысы/қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың Жарғыларын бекіту;
- 8) Кеңестің жұмыс органдарының құрылымы мен Ережелерін бекіту:
  - Шағымдар мен өтініштерді қарау комитеті
  - Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Комитет (ХҚЕС)
  - Этика және мүше болу мәселелері жөніндегі комитет
  - Біліктілікті арттыру және кәсіпті дамыту жөніндегі комитет
  - Сыртқы байланыс және мемлекеттік органдармен байланыс жөніндегі комитет
  - Аутсорсингтік компаниялармен жұмыс жасау жөніндегі комитет
  - Өзге комитеттер
- 9) мүшелік жарналардың мөлшерін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

10) «Учёт» БКҰ басқару органдарының құзыреттерін, ұйымдық құрылымын, өкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін айқындау;

11) қажет болған кезде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің жүргізілуін тексеру үшін аудиторлық ұйымды таңдау және оны Жалпы жиналыстың бекітуіне ұсыну;

12) аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) «Учёт» БКҰ немесе оның қызметінің қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратын анықтау;

14) «Учёт» БКҰ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар дайындау және оларды жалпы жиналыстың бекітуіне ұсыну;

15) «Учёт» БКҰ қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау, кейіннен оларды жалпы жиналыстың бекітуіне ұсына отырып, таратушыны немесе тарату комиссиясын таңдау;

16) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне жатқызылмаған басқа да мәселелер.

8.5. **Сайлау тәртібі** – Кеңес мүшелерінің құрамы жалпы жиналыста «Учёт» БКҰ -ның (Президент ұсынатын екі мүшені қоспағанда) шынайы мүшелерінің қатарынан 4 жыл мерзімге, кемінде 9 адам санымен сайланады. Қажеттілігіне қарай, Кеңес мүшелерінің тақ саны қағидатын сақтау арқылы, Кеңеске шынайы мүшелердің көбірек саны сайлана алады.

8.6. Жаңа құрамдағы кеңеске үміткерлерді ұсыну кезекті/кезектен тыс есеп беру-сайлау Жалпы жиналысының өткізілетін күні, орны және уақыты жарияланған сәттен бастап күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей Кеңес Төрағасының атына «Учёт» БКҰ-ның нақты мүшелерінен жазбаша және/немесе электрондық өтініштер беру арқылы жүзеге асырылады. Кеңес Төрағасы күнтізбелік 10 күн ішінде ұсынылған үміткерлер тізімін қалыптастырады. Рейтинг мәліметтері (үміткерлер тізімі) кейіннен дауыс беру үшін Жалпы жиналысқа ұсынылады.

8.7. Мүшенің кеңес құрамынан шыққан (шығарылған) жағдайда Президенттің кезекті/кезектен тыс есеп беру-сайлау жалпы жиналысы өткізілгенге дейін Кеңестен шығып қалған мүшесінің өкілеттік мерзіміне Кеңестің жаңа мүшесін ұсынуға құқығы бар, бұл ретте ұсынылған үміткерді Кеңес құрамына енгізу туралы шешім кеңестің әрекеттегі мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

8.8. Президенттің екі қауымдастырылған мүшесін – Кеңес мүшелерінің құрамына кіруге жеке тұлғаларды жіберу құқығы бар, бұл ретте Жалпы жиналыспен дауыс беру жіберілген мүшелер бойынша іске асырылмайды.

8.9. Кеңес Төрағасын қоспағанда, Кеңестің барлық мүшелері өз қызметін қоғамдық бастамамен жүзеге асырады.

8.10. Кеңес мүшелерінің кеңесте лауазымға иелену кезінде Тексеру комиссиясының мүшелері болуға құқығы жоқ.

8.11. Кеңес мүшесі Қазақстандық және/немесе шетелдік кәсіби ұйымдарда және сабақтас салаларда (бухгалтерлік және консалтингтік ұйымдардан басқа) Кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 және «Учёт» БКҰ Президентінің жазбаша келісімін алған кезде осындай лауазымдарды атқаруға құқылы.

8.12. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай және Кеңес Төрағасы, Президент немесе Тексеру комиссиясының төрағасы бастамасымен күндізгі, сырттай немесе қашықтықтан (онлайн) нысанда өткізіледі. Кеңес отырысы алты айда **бір реттен сирек емес жүргізілуге тиіс**. Кеңес отырыстарының күн тәртібін Аппарат басшысы қалыптастырады. Кеңес отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі «Учёт» БКҰ Кеңесі туралы Ережемен реттеледі.

8.13. Кеңес отырысында Кеңес Төрағасы төрағалық етуші болып табылады, Кеңес мүшелерінің дауыс теңдігі кезінде, Төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Шешімдер Кеңестің сайланған мүшелері санының кемінде 1/2 кворумы болған кезде жай көпшілік дауыспен қабылданады. Кеңес мүшесінің дауысы басқа тұлғаға, соның ішінде Кеңестің басқа мүшесіне беріле алмайды.

8.14. Кеңес отырысы Кеңес Төрағасы мен Президент бір уақытта қатысқан кезде, өткізілген болып есептеледі.

8.15. Кеңес отырыстары хаттамамен ресімделеді, оған Кеңес төрағасы, отырыс хатшысы қол қояды және «Учёт» БКҰ-ның мөрiмен бекітіледі. Кеңес отырысы хаттамасының жобасын хатшы - Аппарат басшысы немесе Кеңес Төрағасы тағайындаған тұлға Кеңес отырысы басталатын күнге дейін 3 жұмыс күні ішінде дайындайды.

8.16. Жекелеген мәселелер бойынша Кеңестің күндізгі, қашықтықтан (онлайн) немесе сырттай отырысын өткізу кезінде Кеңес Төрағасы немесе Президент Аппарат басшысына талқылауға шығарылатын мәселелерді, олар бойынша дауыс беруді өткізу мерзімдерін көрсете отырып және талқыланатын мәселелерге байланысты құжаттарды (қажет болған кезде) қоса отырып, күн тәртібін қалыптастыруды тапсырады. Бұл ретте, «Учёт» БКҰ Аппараты дауыс беру, Кеңес Төрағасы мен Президентке кейіннен ұсыну арқылы, жауап ақпаратын өңдеу үшін, Кеңес мүшелерінің қажетті құжаттамамен толық, дәл және уақтылы қамтамасыз етілуі үшін жауапты болып табылады.

8.18. Кеңестің сырттай отырысын өткізу кезінде, Кеңес мүшелері жеке мәселелер бойынша белгіленген үлгідегі бюллетеньді толтырады.

## 9. КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ

9.1. Сайланған мүшелердің қатарынан Кеңестің жаңадан сайланған құрамының әрбір бірінші отырысында Кеңестің Төрағасы, Президент, комитет төрағалары сайланады, сондай-ақ комитеттердің құрамы жай дауыс көпшілігімен белгіленеді. Кеңес Төрағасы Кеңес мүшелерінің қатарынан орынбасар тағайындауға құқылы. Кеңес Төрағасы «Учёт» БКҰ-ның бірінші басшысы болып табылады.

9.2. Кеңес Төрағасы Президентпен келісу бойынша Аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыра алады.

9.3. Кеңес төрағасы Президентпен келісе отырып, Кеңестің екі және одан да көп отырыстарына дәлелсіз себептермен қатыспауына немесе кәсіби әдеп нормаларына қайшы келетін іс-әрекеттер жасауына байланысты кез келген комитеттің төрағасын қызметінен босатуға және өзінің орынбасарлары не Кеңестің басқа да мүшелері қатарынан Комитет төрағасының міндетін атқарушыны тағайындауға құқылы. Кеңес Төрағасының қазіргі Кеңес кезеңінің шеңберінде Кеңестің қосымша мүшесін сайлау туралы мәселені кезекті Жалпы жиналысқа шығару құқығы бар.

### 9.4. Кеңес Төрағасы:

1) жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін ағымдағы іс-шараларды жоспарлайды және жалпы жиналыс шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) «Учёт» БКҰ-ның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асырады;

3) «Учёт» БКҰ-ның бухгалтерлік есебі мен есептілігін ұйымдастырады;

4) банк, қаржы және өзге құжаттарда бірінші қол қою құқығына ие;

5) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста «Учёт» БКҰ атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) банктерде есеп айырысу, валюталық және басқа да ағымдағы шоттар ашады;

7) Президенттің ұсынымы бойынша, Аппарат басшысын тағайындайды және оны лауазымнан босатады;

8) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда «Учёт» БКҰ ұсыну құқығына сенімхаттар береді;

9) Аппарат басшысына өз өкілеттігі шегінде үш жылдан аспайтын мерзімге іс-әрекет жасауға сенімхат береді;

10) аппарат басшысының қызметіне тексеру жүргізу туралы шешім қабылдайды және Кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 дауысы болған кезде аппарат басшысының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

11) Президентпен келісім бойынша аппарат басшысының өкілеттігін тоқтатуға құқылы, бұл ретте мұндай шешім қабылдау үшін Кеңес мүшелерінің кемінде 3/4 дауысы қажет және Президенттің дауысы міндетті болып табылады;

12) жалпы жиналыстың, оның ішінде кезектен тыс жиналыстың алдында «Учёт» БКҰ Президентінің өкілеттігін тоқтату/мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені қоюға құқылы, бұл ретте мұндай шешім қабылдау үшін Кеңестің кемінде 4/5 дауысы қажет;

13) сенімхатсыз барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес, қоғамдық, кәсіптік, халықаралық кәсіпорындарда, мекемелерде, органдарда, ұйымдарда, бірлестіктер мен құрылымдарда «Учёт» БКҰ мүдделерін білдіреді;

14) «Учёт» БКҰ басқару органдарының құзыреттерін, ұйымдық құрылымын, өкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін бекіту;

15) кез келген құжаттарға, келісімдерге, шарттарға, меморандумдарға қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және бірінші басшының міндеттерінен тікелей туындайтын кез келген мәмілелерді жасайды;

16) «Учёт» БКҰ-ның штат кестесін бекітеді, бекітілген бюджет шеңберінде «Учёт» БКҰ («Учёт» БКҰ-ның филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің) қызметкерлердің лауазымдық айлықақылар, айлықақыларға дербес үстемеақылар, лауазымдық айлықақыларына сыйлықақылар мен қосымша төлемдердің мөлшері мен төлеу шарттарын белгілейді;

17) «Учёт» БКҰ қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, олармен еңбек шарттарына қол қояды, оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, өкімдер мен бұйрықтар шығарады;

18) «Учёт» БКҰ филиалдары мен өкілдіктерінің директорлары мен бухгалтерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

19) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Кеңес мүшелерінің біріне немесе «Учёт» БКҰ қызметкеріне жүктейді;

20) «Учёт» БКҰ қызметкерлерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

21) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шектерде «Учёт» БКҰ-ның мүлкіне иелік етеді;

22) жалпы жиналыс бекітетін құжаттарды қоспағанда, «Учёт» БКҰ-ның ережелерін, рәсімдерін және басқа да ішкі құжаттарын бекітеді;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен «Учёт» БКҰ филиалдары және/немесе өкілдіктері туралы Ережелерді, сондай-ақ «Учёт» БКҰ құрылтайшысы/қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың жарғыларын бекітеді;

24) оқу орталықтарының және кәсіби бухгалтерлерді сертифициттау жөніндегі ұйымдардың аккредитациясын бекітеді;

25) комитет Төрағаларына сұратулар мен тапсырмалар жібереді;

26) Жалпы жиналыстың, Президенттің және Аппарат басшысының құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, осы Жарғыда және Кеңес Төрағасы үшін «Учёт» БКҰ-ның Жалпы жиналысының шешімдерінде анықталған өзге де функцияларды жүзеге асырады және басқа да мәселелерді шешеді.

9.5. Кеңес төрағасы Президенттің келісімімен Кеңес мүшелерінің біріне немесе Аппарат басшысына өз функцияларын орындау және «Учёт» БКҰ-ның мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттіктерді толық немесе ішінара беруге құқылы.

9.6. Кеңес Төрағасының шешімдері мен өкімдері бұйрық және өкім нысанында ресімделеді. Кеңестің шешімдері қаулы нысанында ресімделеді.

## 10. ПРЕЗИДЕНТ

10.1. «Учёт» БКҰ Президенті «Учёт» БКҰ-ның жеке-дара өкілді органы болып табылады, жаңадан сайланған Кеңес құрамының әрбір бірінші отырысында Кеңес мүшелерінің арасынан сайланады. Президент тек Жалпы жиналысқа есеп береді, Кеңес мүшесі болып табылады.

10.2. Кеңес мүшесі «Учёт» БКҰ-ның президенті лауазымына «Учёт» БКҰ-ның қауымдастырылған мүшелері қатарынан, «Учёт» БКҰ-ның кемінде 30 толық мүшесінің қолдауы болған жағдайда кандидатураны ұсына алады. Қауымдастырылған мүше-жеке тұлғалар қатарынан Президент лауазымына ұсынылған кандидатура кезекті/кезектен тыс есеп беру-сайлау Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін Кеңес Төрағасына ұсынылады.

10.3. Жалпы жиналыс осы Жарғының 10.2-тармағына сәйкес кандидат енгізілетін «Учёт» БКҰ кеңесінің жаңа құрамын сайлаған жағдайда, Кеңестің жаңадан сайланған құрамы осы кандидатты Президент лауазымына бекіту жөнінде шешім қабылдайды (дауыс береді). Егер «Учёт» БКҰ-ның қауымдасқан мүшелерінің ішінен кандидатты кеңес мүшелері «Учёт» БКҰ Президенті лауазымына жай көпшілік дауыспен бекітпесе, онда бұл жағдай кандидатты Кеңес мүшелерінің қатарынан шығаруға әкеп соғады және Президент жалпы тәртіппен кеңестің жаңадан сайланған басқа мүшелерінің арасынан сайланады.

10.4. Президент осы Жарғыда айқындалған өкілеттіктер шеңберінде үшінші тұлғалармен қатынастарда мүдделерге сенімхатсыз өкілдік етеді және «Учёт» БКҰ атынан іс-қимыл жасайды.

10.5. **Президенттің өкілеттіктеріне мыналар жатады:**

1) «Учёт» БКҰ-ның дамуы туралы перспективті шешімдер қабылдау – Даму стратегиясын анықтау;

2) осы Жарғымен Кеңес төрағасының құзыретіне жатқызылмаған «Учёт» БКҰ-ның жарғылық қызметінің кез келген мәселелері бойынша меморандумдар мен келісімдерге «Учёт» БКҰ атынан қол қою;

3) «Учёт» БКҰ-ның барлық басқару органдарына олардың қызметін жақсартуға қатысты ауызша және жазбаша нысанда ұсынымдар мен ескертулер беру;

4) Кеңес Төрағасына Аппарат басшысының кандидатурасын ұсыну;

5) «Учёт» БКҰ-ның даму және жарғылық мақсаттарға қол жеткізу мәселелері бойынша барлық мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

6) «Учёт» БКҰ-ның сертификаттаушы және халықаралық ұйымдарға мүше болып кіруін (қатысуын) бекіту;

7) «Учёт» БКҰ-ның Кеңесіне 2 қауымдастырылған мүшені жіберу;

8) Тексеру комиссиясын қоспағанда, Кеңес отырыстарына, Жұмыс топтарына және Комитеттердің жұмысына қатысу.

10.6. Президент құқылы:

1) Кеңес мүшелері этика нормаларын, «Учёт» БКҰ-ның мүдделерін жүйелі түрде бұзған, Кеңес отырыстарында бірнеше рет болмаған жағдайда және тиімсіз жұмыс істеген кезде, Тексеру комиссиясының тиісті актісі болғанда, Президент кезектен тыс сайлаушы Жалпы жиналыс күнін тез арада белгілеу арқылы, Кеңестің таратылуы туралы Өкім шығаруға;

2) шұғыл мәселелерді шешу үшін «Учёт» БКҰ-ның кезектен тыс Жалпы жиналысын жеке-дара ашу;

3) Жалпы жиналыстың шешімдерін қоспағанда, «Учёт» БКҰ-ның барлық басқару органдарының бұрын қабылданған шешімдерінің күшін жоюға;

4) «Учёт» БКҰ мүшелерінің арасынан Президент кеңесшілерін тағайындау.

10.7. Президенттің шешімдері, тапсырмалары мен өкімдері өкім нысанында ресімделеді, олар Жалпы жиналыс пен Тексеру комиссиясын қоспағанда, «Учёт» БКҰ-ның барлық органдарының орындауы үшін міндетті болып табылады.

## 11. АППАРАТ

11.1. «Учёт» БКҰ-ның аппараты «Учёт» БКҰ-ның штаттағы жұмысшыларынан тұрады - менеджерлер, техникалық қызметкерлер, бухгалтерлер және т.б.

11.2. Учёт» БКҰ-ның аппараты барлық басқару органдарының қызметін қамтамасыз ету бойынша үйлестіру-техникалық жұмысын жүзеге асырады. Мүшелермен, серіктестермен, уәкілетті органдармен, сертификаттаушы кәсіби және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады.

11.3. Аппарат қызметін аппарат басшысы үйлестіреді, ол «Учёт» БКҰ Кеңесі төрағасының келісімі бойынша Аппарат қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, олардың жұмысына басшылық жасайды және бақылайды.

11.4. Аппарат Жалпы жиналысты, Кеңес отырыстарын, комитеттер мен жұмыс топтарының отырыстарын дайындау және өткізу үшін ұйымдастыру және дайындық жұмыстарын жүзеге асырады.

11.5. Аппарат «Учёт» БКҰ -ның кіріс және шығыс хат-хабарларымен жұмысты жүзеге асырады.

## 12 АППАРАТ БАСШЫСЫ

12.1. Аппарат басшысы - «Учёт» БКҰ-ның жеке-дара атқарушы органы, «Учёт» БКҰ-ның штаттық қызметкері болып табылады және «Учёт» БКҰ-ның аппаратын басқарады.

12.2. Аппарат басшысы Президенттің ұсынуы бойынша Кеңес Төрағасының бұйрығымен лауазымға тағайындалады. Аппарат басшысымен жасалған Еңбек шартына Кеңес Төрағасы қол қояды.

12.3. Аппарат басшысы Кеңес Төрағасымен әкімшілік үйлестіру жасасу арқылы, «Учёт» БКҰ Президентінің тікелей бағыныштылығында болады.

12.4. Аппарат басшысы Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және Жарғымен «Учёт» БКҰ-ның өзге басқару органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, «Учёт» БКҰ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

12.5. Бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын және бухгалтерлерді сертификаттау жөніндегі ұйымдарды қоспағанда, Аппарат басшысының «Учёт» БКҰ-нан басқа жерде қосымша жұмыс істеуге құқығы бар. Аппарат басшысының өзге де жұмыс орны туралы мәліметтер Президентке және Кеңес Төрағасына ұсынылады.

12.6. Аппарат басшысы Кеңес Төрағасы беретін сенімхат негізінде әрекет етеді және өзінің құзыреті шегінде сенімхатпен, осы Жарғымен және «Учёт» БКҰ басқару органдарының шешімдерімен берілген лауазымдық нұсқаулықта айқындалған Аппарат қызметінің мәселелері бойынша ішкі актілер шығарады.

### 12.7. Аппарат басшысы:

1) «Учёт» БКҰ мүшелерін есепке алуды және олар мен «Учёт» БКҰ арасындағы байланысты ұйымдастырады;

2) «Учёт» БКҰ Комитеттерінің жұмысын үйлестіреді;

3) комитет Төрағаларына сұратулар мен тапсырмалар жібереді;

